



Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ереже жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 21 шілде N 288 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтар N 429 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 473 қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 237 қаулы) Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің бухгалтерлік есебі шот жоспарының енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ереже бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Н.Қ.Абдуллина):

а) Заң департаментімен (А.Қ.Өртембаев) бірлесе отырып екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы Қаулыны және Екінші деңгейдегі банктердің берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық) басқармаларына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 5 ш і л д е д е г і
N 2 8 8 Қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын тіркеу ережелері

Ескерту: Тақырып жаңа редакцияда жазылды және барлық мәтін бойынша " осы Ереже", "осы Ереженің", "осы Ережеге" деген сөздер "осы Ережелер", "осы Ережелердің", "осы Ережелерге" деген сөздермен, тараулардың атауларындағы "I", "II" "III", "IV" деген сандар "1", "2", "3", "4" деген сандармен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 28 қарашадағы N 438 қаулысымен

Осы Ереженің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі банктер) қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатындағы басқа да заң актілеріне сәйкес жасалды, Қазақстан Республикасы банктерінің берген кепілдіктер шарттарын арнайы есепке алу мәселесін реттейді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) тіркеу тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелерге

1. Тараптардың бірі банк болып табылатын кепілдіктердің шарттары осы Ережелердің талаптары ескеріле отырып, жазбаша түрде толтырылуы тиіс.

Банктерге кепілдіктер беру (теңгемен де, шет ел валютасымен де) тек қана кепілдік шартын жасау жолымен және кепілдік операцияларын жүргізуге Ұлттық Банктің лицензиясы болғанда ғана жүзеге асырылады.

- Ескерту. Банктің шет ел валютасымен кепілдіктер беруі банктің шет ел валютасымен банк операцияларын жүргізуге лицензиясы болғанда ғана және Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Егер кепілдік беруші кепілдік берілген тұлғаға ақша түрінде көзделген міндеттемелердің орындалуына кепілдік беріп, борышқордың міндеттемелерін орындауда өз жауапкершілігі туралы жазбаша хабарласа, ал кредитор бұған қажетті қалыпты мерзім ішінде кепілдік берушінің ұсынысынан бас тартпаса, кепілдік шартының жазбаша нысаны сақталған деп есептеледі.

3. Егер кепілдікте басқаша көзделмеген болса, кепілдік беруші оны қайтарып а л а а л м а й д ы .

Банктердің тіркеу туралы осы Ережелердегі талаптарды орындамауы, сонымен бірге кепілдік шартын Ұлттық Банкте дер кезінде тіркемеуі банктерді мәмілеге қатысушы басқа да тараптар алдындағы жауапкершіліктен босатпайды.

4. Банк тек қана басқа тұлғаның міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін к е п і л д і к т е р б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Банктің кепілдіктерінің шарттары 3 данадан кем болмауы тиіс.

5. Банктің Ұлттық Банкте кепілдік шарттарын тіркеуі кепілдік беруші-банкті борышқордың міндеттемесін орындаудан босатпайды. Мұндай жағдайда Ұлттық

Банк кепілдік шартын орындау бойынша кепілдік беруші болып саналмайды және кепілдік беруші ретіндегі банктің борышқор міндеттемелерін орындамағаны үшін жауап бермейді.

Банктер теңгемен және шетел валютасымен берген сомасы 5 млн. теңгеден асатын кепілдіктер (кепілдемелер) Ұлттық Банкте тіркелуге тиіс.

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 28 қарашадағы N 438 қаулысымен .

6. Кепілдіктер шарты мынадай мазмұнда болуы тиіс:
- кепілдіктің номері және берілген күні;
 - кепілдік беруші болып саналатын банктің атауы, мекен-жайы және оның тұрған жері бойынша Ұлттық Банктің тиісті филиалының деректемелері;
 - заңды немесе жеке тұлға-борышқордың аты;
 - борышқорға қызмет көрсететін банктің аты және мекен-жайы;
 - кредитордың аты;
 - борышқор міндеттемесінің пайда болған күні;
 - кепілдіктің мөлшері (сомасы);
 - кепілдіктің қолданылу мерзімі;
 - кепілдіктің қолданылу мерзімінің тоқтатылу жағдайлары;
 - кепілдік беруші болып саналатын банктің бірінші басшысының және бас бухгалтерінің банк мөрімен расталған қолы;
 - кепілдік шартының Ұлттық Банкке тіркелгені туралы және оны Ұлттық Банк филиалының арнайы есепке алынғаны туралы мәліметтер көрсетілген (N 1 қосымша) аталған құжаттың қорытынды бөлігіндегі мәтіні.

Екі немесе одан көп парақ етіп жасалған кепілдіктердің (кепілдемелердің) шарттары нөмірленіп, тігілуі керек, қағаз пломбамен қойылуы және банктің мөрімен бекітілуі керек.

Ескерту: 6-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 28 қарашадағы N 438 қаулысымен .

7. Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментінің қорытындысы бойынша кепілдік шартын тіркеу туралы не тіркеуден бас тарту туралы Ұлттық Банктің шешімін Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары қабылдайды.

8. Кепілдік шартының жалпы шарттары және оны беру, орындау және тоқтату негіздемесі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

9. Егер кепілдік беруші кредитор не Тарап банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болса, кепілдік шартын Ұлттық Банкте ресімдеу және тіркеу банктерді тіркеу тәртібімен жүргізіледі.

2. Банктің кепілдік шартын тіркеуге міндеттілігі және оны Ұлттық Банктің есепке алу тәртібі

10. Банк кепілдіктер берген кезде кепілдік шартын осы мәмілелер жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте тіркеуге міндетті.

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 28 қарашадағы N 438 қаулысымен .

11. Банк берілетін кепілдік сомасын ескере отырып, кепілдік шартын жасаған күнге қарай барлық нормативтерді орындаған жағдайда, банк кепілдік беруге құқылы.

Мұндай талап банктерде жекелеген пруденциалдық нормативтердің бұзылуын жою жөнінде Ұлттық Банк Басқармасы мақұлдаған (келіскен) іс-шаралар жоспарлары (бағдарламалары) болса және олар орындалған болса қолданылмайды.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 28 қараша N 438 қаулысымен .

12. Банк кепілдік шартын тіркеу үшін Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне:

- осы мәселе жөніндегі өтінішпен қоса кепілдік шартының түпнұсқасының 3 данасын;

- кепілдік беруші болып саналатын банк алдындағы борышқордың қарызының жиынтығы туралы банктің анықтамасын береді.

Қажет болған жағдайда Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті банктен қосымша ақпарат сұратуға құқы бар.

13. Ұлттық Банк банктің берген құжаттарын жеті жұмыс күнінің ішінде қарайды. Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті мәселені оң шешкен жағдайда өтініш берушіге, сондай-ақ Ұлттық Банктің тиісті филиалына қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлайды.

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің басқармасы 2000 жылғы 28 қараша N 438 қаулысымен .

14. Банктің кепілдік шартын Ұлттық Банкте тіркеуді Ұлттық Банк Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктердің тізіміне тиісті мәліметтерді енгізу жолымен жүргізеді.

15. Банктің кепілдік шартын тіркеу туралы мәліметтері Ұлттық Банкте барлық берілген мәтіндерге енгізіледі, содан соң үш түпнұсқа данасын кепілдік беруші болып саналатын банкке қайтарып береді, ал ксерокөшірмесі Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментінде сақтау үшін қалады.

16. Кепілдік шартының тіркелгені туралы белгілеуге Ұлттық Банк Төрағасының қолы қойылып, Ұлттық Банктің мөрімен куәландырылады.

17. Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктердің тізіміне Ұлттық Банк мынадай мәліметтерді енгізеді:

- кепілдік беруші болып саналатын банктің аты және тіркеу нөмірі;

- кепілдік берілген күні;
- берілген кепілдіктің номері;
- борышқордың аты;
- борышқорға қызмет көрсететін банктің аты;
- кепілдіктің мөлшері (сомасы);
- кепілдік шартының қолданылу мерзімі;
- кепілдік шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы белгі;
- кредитордың аты.

18. Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті тіркелген кепілдік шартының қайтарылған даналарын банктің тікелей бірінші басшысына немесе бас бухгалтеріне (олардың уақытша міндетін орындаушыға) қол қойғыза отырып береді, не банк басшысының сенімхаты бойынша банктің өзге қызметкерлеріне береді.

19. Банк Ұлттық Банк тіркеген кепілдік шартын алған соң тіркелген кепілдік шартының бір данасын өзі тұрған жердегі Ұлттық Банктің тиісті филиалына есепке қою үшін үш күннің ішінде беруге міндетті.

20. Банк кепілдік шартын Ұлттық Банктің тіркегені туралы не тіркеуден бас тартқаны жөніндегі шешімі туралы мүдделі адамдарға тез арада жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

21. Кепілдік шартында көрсетілген міндеттеменің ақшалай сомасы Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментінің осы банк жөніндегі ақпараттар жиынтығында көрсетіледі.

22. Тараптар кепілдік шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, кепілдік беруші болып саналатын банк үш күннің ішінде осы Ережелерге сәйкес ресімделген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне береді.

Ұлттық Банк кепілдік шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуді кепілдік шартындағыдай тәртіппен жүргізеді.

3. Банкке берілген кепілдіктер бойынша олардың міндеттемелерін есепке алу тәртібі

23. Банк Ұлттық Банкте тіркелген кепілдік шартын берген кезде, Ұлттық Банктің тиісті филиалы Ұлттық Банк белгілеген тәртіпке сәйкес осы кепілдік шарты бойынша шоттардағы соманы ескереді.

24. Ұлттық Банктің филиалы бірінші басшы және бас бухгалтер (немесе олардың уақытша міндетін орындаушы) қол қойған және мөрмен расталған кепілдік шартының есепке алынғаны жөнінде белгі қояды.

25. Ұлттық Банктің филиалы әр айдың 8 күнінен кешіктірмей Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне баланстан тыс есеп жүргізу бойынша кепілдік шарттары туралы есеп-ведомостін қоса беріліп отырған нысанға сәйкес (N 2

қосымша) қағазға түсіре отырып, "Х-400" электронды почтасы арқылы "alm statistika" белгісімен тиісті нұсқада беріп отырады.

26. Егер банк кредитор болған жағдайда (бұдан әрі банк-кредитор), кепілдік беруші банк басқа тұлғаның пайдасына міндеттемені қамтамасыз ету үшін берген кепілдік шартын алғаннан кейін, банк-кредитор осы келісімнің есепте бар екенін тексеру үшін Ұлттық Банктің тиісті филиалына сұрау салуға міндетті.

27. Кредиторға кепілдік шарты белгіленген тәртіппен тіркелмей түскен жағдайда, кредитор ол жөнінде Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне тез арада жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

28. Кепілдік беруші банктің, кредитор-банктің және Ұлттық Банк филиалының банктік шоттарынан кепілдік шарттарында көрсетілген соманы шығынға жазу кепілдік шартында көрсетілген қолданылу мерзімі өткен соң, борышқордың немесе кепілдік берушінің өз міндеттемелерін орындауына байланысты, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 336-бабында көзделген шарттар кепілдік шартында ескерілген өзге де жағдайларда жүргізіледі.

29. Банк алдындағы міндеттемесін орындаған борышқордың қарызы бойынша провизияларды жіктеу және қалыптастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің активтері мен баланстан тыс талаптарын жіктеу және олар бойынша провизиялар есептеу туралы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

4. Қорытынды ережелер

30. Банк Ұлттық Банкте кепілдік шартын тіркеу бойынша талаптарды бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленгендей жауапкершілікте болады.

31. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен реттеледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Екінші деңгейдегі банктер
берген кепілдіктер шарттарын
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің тіркеу
тәртібі туралы ережелерге

№1 қосымша

Банктер жасайтын кепілдіктер шарттарының қорытынды бөлігінің типтік үлгісі

19__ж. " " _____ N__ осы кепілдік шартын
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тіркеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұлттық Банкі Төрағасының
орынбасары (қолы)

" " _____ 19__ж. М.О.

Кепілдік берушіге қызмет көрсететін Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің облыстық (аумақтық) басқармасының кепілдік шартын есепке алғаны
т у р а л ы б е л г і с і :

19__ж. " " _____ N__ кепілдік шарты.
19__ж. " " _____ есепке алынды.

(Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) басқармасының атауы)

Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық)
басқармасының бастығы
(қолы)

Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық)
басқармасының бас бухгалтері
(қолы)

" " _____ 199__ж. М.О.

Екінші деңгейдегі банктер
берген кепілдіктер шарттарын

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің тіркеу

Тәртібі туралы ережелерге

N 2 қосымша

Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) басқармасы есепке алған
(N 927061 баланстан тыс шотқа (N 9961 "Есеп беруіне жіберілген
және берілген әр түрлі құндылықтар мен құжаттар") кепілдіктер
ш а р т т а р ы т у р а л ы

ЕСЕП-ВЕДОМОСІ

рет N	Кепілдік беруші	Банктің	Кепілдік	Кепілдіктің	Кепілдіктің
	болып саналатын	тіркеу	шартының	берілген	қолданылуының
	банктің атауы	номері	номері	күні	аяқталу мерзімі

1		2		3		4		5		6
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

Займшының атауы	Займшының атауы	Кредитордың атауы	Кепілдік сомасы	Кепілдік сомасы	Кепілдік беру ел валютасы	Ұзартылғаны туралы белгі	Пайданылған кепілдік сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14

Жиынтығы:

Ұлттық Банктің облыстық басқармасының бастығы	(қолы)
Ұлттық Банктің облыстық басқармасының бас бухгалтері (қолы)	(қолы)